

Н.Б. ТӘУЕКЕЛОВ
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ

ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНЫҢ САЯСИ-ҚҰҚЫҚТЫҚ БОЛМЫСЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Қазақ әдет-ғұрып құқығы – жазылмаған құқық, ол құқықтық дәстүрлер жиынтығы болып табылады. Қазақ әдет-ғұрып құқығы ғасырлар бойы қалыптасты және өзінің даму тарихы барысында бірқатар кезеңдерден өтті, оған басқа құқықтық жүйелер, мысалы мұсылман құқықтық жүйесі, Ресей империялық заңдары, көршілес монғол-ойрат заңдары көп әсер етті.

Қазақ әдет-ғұрып құқығының қайнар көздері болып құқықтық дәстүрлер, қазақ әдет-ғұрып құқығының кодификациясы, билердің соттық прецеденттері, ереже, шарифат нормалары есептеледі.

Қандай да болмасын формада көрініс тапқанына қарамастан, тәжірибеге қарап, қазіргі заманғы демократиялық түрдегі қоғамды авторитарлы, тоқырауда қалған қоғамнан қателеспестен ажырата аламыз. Бірақ өзін демократиялық деп жариялаған қоғам, өзін жалпыхалықтық деп жариялаған мемлекет шын мәнінде өз атына сай ма, жоқ па деген мәселе маңызды болып табылады.

Мәселен, әдет-ғұрып құқығы демократиялық қағидаларға негізделе отырып, өзінің көптеген нақты байланыстары мен заңдылықтарының демократиялылығымен сипатталады, бірақ әрқашан мемлекеттік идеологияға сәйкес келмейді. Бір жағынан, әдет-ғұрып құқығы шын мәнінде халықтық болып табылады, дәлірек айтқанда, демократиялық құқықтық жүйенің дамуының бастапқы стадиясы қызметін атқарады. Екінші жағынан - әдет-ғұрып құқығын нақты бір тарихи кезеңдегі рухани, құқықтық мәдениеттің тұтастығы, өзара байланыстылығы мен сабақтастығы ретінде қарастыруға болады. Мұндай тұтастықтағы заңдылықтарды дұрыс бағаламау жалпы алғандағы құқықтық мәдениетке төмен баға беруге соқтырады.

Қазақ қоғамының саяси құқықтық болмысын айқындайтын ежелгі дәуірлерден келе жатқан құрылымдық жүйелер көп. Солардың қатарына көшпелі қазақ қоғамындағы өзара көмек (ағайынгершілік) қатынастар жүйесін жатқызамыз. Қазақ халқы еш уақытта туған-туысын, ағайынын, жақынын жауға бермеген. Қысыл-таяң сәттерде қолынан келген барлық көмекті аямаған. Сондай құрылымдық жүйенің бірі, өзара көмек институты болып табылады. Өзара көмек жүйесі Қазақстан аумағында есте жоқ ескі замандардан бері, қалыптасып, тамыр үзбей дамып келе жатыр. Көшпелі қазақ жұртындағы өзара көмек қатынастарының құқықтық сипатын, оның ішкі мәнін ашып саралау үшін сол қоғамдағы құқықтық жүйенің бітім-болмысын тануы қажет. Шартты

түрде алып қарағанда ХУ-ХІІІ ғасырлар аралығында қазақ қоғамында, өзінің сипаты бөлек, ұстанымдары ерекше құқықтық жүйе дамып толастады. Бұл кезеңдегі қазақ қоғамындағы құқықтық жүйе соңғы кезде ғалымдар тарапынан, қазақ қоғамының алтын ғасырының көрінісі ретінде бағаланып жүр. Шын мәнінде, оның қоғамдағы роліне терең мән беретін болсақ, осы кезең аралығы дәстүрлі қазақ қоғамының адами принциптерге сүйенген, классикалық үлгісін қалыптастырды. Әрине, көшпелі қазақ қоғамындағы құқықтық жүйенің бастаулары, Қазақстан аумағындағы ірілі-ұсақты өмір сүрген мемлекеттердің мәдени, рухани тәжірибесі арқылы байып, дамып отырғаны белгілі. Сондықтан да, қазақ қоғамындағы құқықтық құндылықтардың, құқықтық институттар мен нормалардың бастауын ежелгі дәуірлерде билік құрған, Қазақстан аумағындағы мемлекеттердің даму үрдісінен іздеуіміз қажет.

Қазақтың дәстүрлі құқығы өзінің терең болмысымен ерекшелігімен сипатталатын, бірегей құқықтық жүйенің көрінісі. Қазақ халқының басынан бірнеше зобалаң кезеңнің өткенін біз жақсы білеміз. Сол кезеңдер, оның саяси құқықтық өмірінде өзінің таңбасын қалдырып отырды. Әсіресе, қазақ басынан осындай ұрымтал тұс Ресей патшалығы мен кеңестік өкімет кезеңінде айқын байқалды. Кеңес саясаты тапсыз қоғамды орнатып қана қоюға бағытталған жоқ, сонымен қатар көшпелі қазақ қоғамының үлгілі, дағдылы нормативтеріне де, салқын көзбен қарады. Ол туралы белгілі ғалым З.Ж. Кенжалиев оны былай сипаттап көрсетеді: «Әдетте, әдет-ғұрып құқығы нормаларының көп түрлілігі, яғни әмбебаптығы, елгезектігі, «адамгершілігі» дұрыс бағаланбай, керісінше кері түсіндіріліп оның тұрақсыздығы, табансыздығы, үйлесімсіздігі (партикуляризм) деп жазылып жүр. Шын мәнінде бұл - әдет - ғұрып құқығы нормаларының нағыз беріктігін, бірлігін және біркелкілігін көрмеу еді. Олар өстіп құбылмалы, елгезек, өзгергіш болу арқылы өздерінің мақсаттарына жетіп, өздері реттейтін қатынастардың беріктігін, тұрақтылығын бір қалыпта сақталуын қамтамасыз етеді. Әдет - ғұрып нормаларын партикулярлық деу олардың сыртқы түрінен ішкі мәнін ажырата алмау, көре алмау еді, бұл нормаларға мемлекет заңдары тұрғысынан келіп, соларды зерттеу әдісін оларға да қолданудың және осының нәтижесінде әдет - ғұрып құқығы нормаларының бейнесі бұрмалануының көрінісі еді» [1, 63 б]. Қазіргі кезеңде қазақ құқығы мүлдем басқа өлшемдер деңгейінде бағалануда. Ол туралы белгілі ғалым, академик С.З. Зиманов былай дейді: «Қазақ ата заңдарының мәнін тек қана Қазақияның этно-мәдени шекарасындағы өзіндік нормативтік рөлімен түсіндіруге, шектеуге болмайды. Онда біз аясы кең қазақ құқығын белгілі қысаңдықтың бұғауында қалдырамыз хақ. Ол бір мезгілде бірнеше қызмет атқарды: реттеушілік, басқарушылық, біріктірушілік, қорғаушылық және адамгершілік. Ол кең мағынада алғанда заң да, билік те, қоғамдық болмыс пен өнегеліліктің қайнар көзі де, рухани құндылықта болды. Осындай өзіне тән тұрақты сипаттарының арқасында Көне қазақ заңдарын құрастырған ережелер адуыны мықты құқығының, көшпелілік сипаты бір болған монғол құқығының, тегеуріні мықты орыс заңының ықпалында кетпей өзінің бет-бейнесін сақтап қалды. Көршілес елдердің құқы жүйелерінің қазақ құқығына әсері болса да оны жоятын күшке ұласа алмады. Қазақ құқығының түбегейлі құрылымы кешегі Жаңа заман дәуіріне дейін қоғамдағы ықпалын жоймады.

Қазақ құқығының басты ерекшелігі оның ұжымдық санға негізделуінде. Көшпенділердің материалдық өмірі адамда жас кезінен ұжымдық сана қалыптастырды. Бұл жағдай қоғамдық қатынастарды нормативтік реттеуде әлеуметтік тиімділіктің артуына себепші болды. Сонымен қатар, қазақтың көшпелі шаруашылығының қоғамдық-саяси қатынастарына талдау жасағанда мына мәселеге назар аударылуы тиіс: көшпелі өмір салтының жағдайлары өте ауыр, қатал және соған байланысты оның әлеуметтік амандығы және әдеттегі тыныс-тіршілігі тек климат жағдайларына ғана емес, сонымен қатар қоғам қалыптастырған гуманистік әлеуметтік институттардың із жүзіне асуларына тәуелді болды. Мәселені осы мағынада ұғынатын болсақ, қазақ көшпелі өркениеттің құқығы арнайы құндылық бағыттарға ие дүние танудың маңызды этностық моделі, өзіндік ерекшеліктері бар нормалардың варианттары және іс жүзіне асырылуына ру-тайпалық демократиясының ұжымдық өзара жәрдем көрсету, рулық жауапкершілік және рухани бастамалардың материалдық факторларға үстемдік етуі сияқты жалпы гуманистік элементтерді паш етті, басқа сөзбен айтқанда далалықтарда зат емес, керісінше құндылық қасиеттеріне ие болды» [2, 70 б]. Әрмен қарай С.З. Зиманов өзінің ойын былай өрбітеді: «Қазақ құқығының ерекшелігі ол көшпелі өркениет шеңберінде туып, сол дәуірдің ең құнды сипатын

иеленді. Бұл тұрғыдан ол тарихи маңызы бар құқықтық жүйелер әлемінен заңды түрде өз орнын ала алады, алуы тиіс те.

Қазақ құқығының мәні мен ерекшелігі оның тарихтағы белгілі бір жүйелі – институционалды құрылым екендігінде емес. Барлық халықтар өз тарихының бастапқы сатысында ондай әдет-ғұрыпқа негізделген құқықтық реттеудің үстемдік етуі дәуірін басынан өткерді. Бірақ мұндай кезең көптеген халықтардың тұрақсыз, әрі қысқа мерзім ішіндегі өтпелі дәуірі болды. Оларда құқық жүйесі билік үшін династиялық күрес, көшпелі және жартылай көшпелі одақтардың жаңа жерлердегі іздеп көшуі сияқты ортағасырлық идеологияға сай қалыптасты. Қазақ құқығының ерекшелігі оның еркіндік лебі өріс алған кең аумақта қалыптасып өркендеуінде, көшпелі өркениеттің бейбіт, табиғи тұрақты қағидаларына негізделе дамығандығында. Бұл тұрғыдан ол өзінің мазмұны бойынша өзі қалыптасқан дәуірді айқындады және оның шеңберінен асып түсті» [2, 35 б]. Біз бұл оймен келісе отыра, жалпы қазақ құқығына гуманистік бастаулар тән екендігін білеміз. Қазақ құқығының басқа құқықтық жүйелермен салыстырғандағы да ерекшелігі міне осында жатыр. Дәстүрлі қазақ құқығы көшпелі қоғамның барлық құндылықтарын, өзінің бойына сіңіріп, оны тартымды бере алған құқықтың көрініс.

Көшпелілердің дүние танымы ерекше болып табылды. Көшпелілерде құқ, хақ жәйлі түсінік ерік ұғымымен үндес, соның синонимі іспеттес. Менің құқым (хақым) бар, еркім бар, еріктімін деген түсініктер адам ойының, іс-әрекетінің, қимылының иесі, қожайыны оның өзі екендігін бейнелейді. Адам өзін-өзі билейді, оны шектейтін күш сыртта емес іште, ол - адамның өзі, оның санасы, ішкі табиғаты деген ой-сарыннан бастау алып жатады.

Демек ерік, құқық, хақ ұғымы жалпы адам мәселесіне келіп тіреледі, дәлірек айтсақ адам табиғаты жәйлі, оның ойының, сөзінің іс-әрекетінің қайнар көзі туралы мәселелер аясында қаралады, солардан туындайды.

Демек құқ (хақ, ерік) ұғымы жеке адамға байланысты қаралады, оның тұлғалық бейнесінің көрінісі және ажырамас адамдық қасиеттерінің бірі деп саналды. Құқ адамнан тыс (бөлек) күш немесе құбылыс деп есептелген жоқ. Сондықтан да болар, қоғамдағы заң нормалары, әдет-ғұрып жарғылары адам құқымен (хақымен, еркімен) тікелей байланыста қаралмайтын. Олар ең алдымен ата-баба жолы, көнеден келе жатқан жора, үлгі-өсиет деп ұғылатын. Яғни, алдыңғы буын ұрпақтардың кейінгіге қалдырған өнегесі, бағыт-бағдар көрсетер ақыл-кеңесі, ақиқаттағы күмәнсіз іс-қимыл үлгісі саналатын. Екіншіден, әдет-ғұрып нормалары орындалуға міндетті қажеттілік, өмір заңы есебінде бағанды. Яғни, оларға адам шығарған туынды, соның еңбегінің жемісі дегеннен гөрі өмірдің өзі ойлап тапқан, тарих талқысынан өткен өмірдің өз заңы деген көзқарас басым болды [1, 47-48 бб]. Шын мәнінде бұл тұжырым дәстүрлі қазақ қоғамындағы құқықтық жүйені бағалаудың ұстанымы боларлық көзқарас. Қазақтың дәстүрлі қоғамындағы құқықтық талап, жаза түрлері әрқашанда адами құндылықтарға, руаралық татулықты сақтаудың сыйластықтан аттамаудың қамына негізделіп соны қамтамасыз ете алды. Бұл қазақ құқығының өнегелік ұтар тұсы. Қазақ құқығының жалпы сипатына тән бұл қасиеттер қарап отыратын болсақ, жалпы ағайынгершілік (өзара көмек) институтының да көрініс болып табылады. өзара көмек қатынастар жүйесі оның құқықтық қабаты әрқашанда дәстүрлі қазақ қоғамындағы осы нормаларға барып тіреледі.

Дәстүрлі қазақ қоғамындағы құқықтық жүйені, оның ішінде өзара көмек қатынастарын бағалауда тағы бір теориялық проблема бар. Ол проблема қазақ әдет құқығы жүйесіндегі өзара көмек қатынастарын құқық салашығына немесе құқықтық институтқа топтаймыз ба деген мәселе болып табылады. Қазіргі кезеңде құқық теориясында құқық институты туралы түсініктер төменгі талапта қалыптасқан: «Институт права - это обособленная группа юридических норм, регулирующих общественные отношения конкретного вида. В качестве примера можно назвать институт права собственности в гражданском праве, институт ответственности должностных лиц в административном праве, институт избирательного права и нормы, регулирующие статус депутата, в конституционном праве. Институты могут быть отраслевыми и межотраслевыми (комплексными)» [3, с 325]. Белгілі ғалымдар Ө. Қопабаев пен С. Өзбекұлы құқықтық институтты мынандай қысқаша түсінікпен белгілейді: “Құқықтық институттар дегеніміз арнайы айшықталған қоғамдық қатынастарды реттейтін біртекті, біркелкі нормалардың жиынтығы” [4, 137 б]. Анықтамалықтың бірінде: «Құқық институты (Правовой институт) - қоғамдық қатынастардың белгілі бір түрін (немесе топтамасын) реттейтін заң нормаларының тәртіпке келтірілген

жиынтығы» [5, 168 б], - деп қысқаша түсіндіріледі. Бұл құқық институтына берілген түсінің қазіргі кезеңдегі құқы теориясының жетістігі деңгейі ретінде сипатталып отыр. Біз құқық теориясында қалыптасқан ұғым түсініктерді қазақ әдет құқығы жүйесінде қолдануда белгілі сақтық танытуымыз қажет. Өйткені, көп жағдайда мұндай әдіс өз-өзін ақтамайтын да кездер болады. Ал, енді қазақ әдет құқығы жүйесіндегі өзара көмек қатынастар жүйесін құқықтың салашығы немесе құқықтық институт деген мәселеге келетін болсақ, біздің ойымызша, өзара көмек қатынастар жүйесі қазақ құқығының ішіндегі ерекше институттың бір болып табылады. Өйткені, өзара көмек қатынастар жүйесінде бір топты қатынастар, оны реттейтін нормалар көрініс тапқан. Әрине, өзара көмек қатынастарының ішіне шүлен тарату, жылу және жұртшылық т.б. институттар топтастырылады. Оған қарап, өзара көмек қатынастар жүйесін жоғары деңгейге көтеруге болмайды. Аталған институттардың барлығы бір мақсатқа жұмылып, бір жүйенің ішіне кіреді. Сондықтан да, осы жерде біз өте сақ болуымыз қажет.

ӘДЕБИЕТ

- 1 Кенжалиев З.Ж. Көшпелі қазақ қоғамындағы дәстүрлі құқықтық мәдениет. – Алматы: Жеті Жарғы, 1997. - 192 б.
- 2 Зимапов С. Қазақтың ата заңдары және оның бастаулары // Қазақтың ата заңдары: Құжаттар, деректер және зерттеулер. - Алматы: Жеті жарғы, 2004. – 1. Т. - 632 б.
- 3 Теория государства и права: учебник для вузов / Под. ред. проф. В.М. Корельского и проф. В.Д. Перевалова. – 2 изд., изм. и доп. М.: Норма, 2003. – 616 с.
- 4 Өзбекұлы С., Қопабаев Ө. Мемлекет және құқық теориясы: Оқулық. – Алматы: Жеті жарғы, 2006. – 264 б.
- 5 Қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігі: Заңтану / Жалпы ред. басқ. А.Қ. Құсайынов. - Алматы: Мектеп, 2002. – 336 б.

- 1 Kenzhaliev Z.Zh. Koshpeli qazaq qogamyndary dastyrlı qykyqyqyq mdeniet. – Almaty: Zheti Zharfy, 1997. - 192 b.
- 2 Zimanov S. Qazaqyqyq ata zaqдары zhәне оның bastaulary // Qazaqyqyq ata zaqдары: Qyzhattar, derekter zhәне zertteuler. - Almaty: Zheti zharfy, 2004. – 1. T. - 632 b.
- 3 Teorija gosudarstva i prava: uchebник dlja vuzov / Pod. red. prof. V.M. Korel'skogo i prof. V.D. Perevalova. – 2 izd., izm. i dop. M.: Norma, 2003. – 616 s.
- 4 Өzbekuly S., Qopabaev Ө. Memleket zhәне qykyq teorijasy: Oqulyq. – Almaty: Zheti zharfy, 2006. – 264 b.
- 5 Qazaq tili terminderiniq salalyq ғылыми tysindirme sozdigi: Zanтану / Zhalpy red. basq. A.Q. Qysajynov. - Almaty: Mektep, 2002. – 336 b.